

Балаларды әлеуметтік жағынан қорғау басты парызымыз.

Дүние жүзіндегі өркениетті мемлекеттерде тәрбиенің теориясы мен практикасындағы жетекші тенденция-әлеуметтік педагогика рөлінің артып отыратындығын көрсетіп отыр. Қоғамдық өмірдің жан-жақты демократияландырылуы мен гуманизациялануы процесінде сонымен қатар Қазақстан Республикасының білім жүйесінде адами -тұлғалық қатынастың атмосферасын объективті тұрғыдан жасауды талап етеді. Бұл өз кезегінде кәсіби мемлекеттік – қоғамдық тәрбиелеу құрылымдарының өмірден,отбасынан, әлеуметтік -мәдени ортадан алшақтауын жою арқылы балалармен жастарды әлеуметтік тәрбиелеу жүйесін өзгеру жолдарын іздестіруді қажет етеді.

1991 жылы біздің елімізде әлеуметтік педагог қызметінің енгізілуі кездейсоқтық емес. Елімізде әлеуметтік жұмыстың кәсіптік деңгейге көтерілуі-маңызды мәселе. Бұл мамандықтың болашағына,мемлекеттің әлеуметтік және жастар бағдарламаларындағы өзекті проблемалардың шешілуіне тигізер әсері мол.Білім беру мекемелерінде әлеуметтік педагог мамандығының енгізілуі,бүгінгі ортаға бейімделуі,әлеуметтенудегі қиыншылықтар,оның тұлғалық қасиеттерін зерттеуге,зерттеу нәтижесінде түзету жұмыстарын жүргізуге,өмірдің қиын жағдайынан шыға білуге ықпал етуге қажеттіліктерінен туындап отыр. Бұл жұмыс мамандық қана емес,сонымен қатар,бұл біз қол ұшын беретін ,адами проблемаларын бірге шешетін,проблемаларды тиімді,дұрыс шешілу жолдарын табатын адамдар тағдыры. Осындай жауапты жұмысты атқара отырып,біз оның табысты болуына барлық қоғам мүдделі екенін есте ұстауымыз керек. Әлеуметтік тәрбие- бұл адам қатынастары желісінде жүргізілетін тәрбие,яғни тікелей адамаралық байланыстар және осы мақсатқа арнайы ұйымдастырылған қоғамдық мекемелер қайырымдылық қорлары,ұйымдар,бірлестіктер т.б тарапынан болатын істер. Қоғамдық тәрбие проблемаларын арнайы педагогика саласы зерттейді. Оның пәні-тұлға.Қалыптастырушы ықпал жасайтын қоршаған орта заңдылықтары. Дәлірек айтқанда,отбасы,ресми ұйымдар,бұқаралық ақпарат құралдары. Әлеуметтік жұмыстар - адамдар мен адамның инабаттылық қатынастары қажеттігінен туындаған әлеуметтік іс-әрекет құбылысы. Қазіргі күнде әлеуметтік іс-әрекет құбылысы.Қазіргі күнде әлеуметтік тәжірбие жұмыстары келесі салаларға бөлінген.

Баларға жәрдем,денсаулық және салауатты өмір салты,білім көтеру,тәрбие түзету мәселелері.Әлеуметтік жұмыстың мамандық ретінде қалыптасуы және негізгі міндеттері- бала мен жасөспірімдерге құзырлы көмек көрсету,әлеуметтік мәдени ортаны ізгілендіру , тұлғаның әлеуметтік педагогтардың алдында үлкен де,күрделі міндеттер тұр. Әлеуметтік педагог мектепте төмендегідей негізгі бағыттарда жұмыс жасауы қажет

- 1.Диагностикалық қызметі.

- 2.Өз қызметі шеңберінде көмекті қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау.
- 3.Кәмелетке толмағандардың,ата-аналарының құқықтық тәрбиесін ұйымдастыру.

- 4.Ерекше назардағы оқушылармен жұмыс.

5. Сынып жетекшілері,медициналық қызметкерлер,ата-аналар комитетімен т.б өзара қарым қатынасты үйлестіру.Өз қызметінде әлеуметтік педагог ҚР Конституциясын,бала құқығы туралы заңын,Отбасы туралы заңын,ҚР басқада нормативтік актілерін басшылыққа алуы қажет.